

**8D02304-Филология білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторантураға түсушілерге арналған емтихан сұрақтары**

**1-ші деңгей**

1. Тіл біліміндегі парадигма ұғымы туралы не білесіз.
2. Функционалдылық және функционалды грамматика туралы әңгімелеңіз.
3. Мәтін және дискурс. Дискурс және дискурстық зерттеулерді ұсыныңыз.
4. Антропоэзектік бағыт туралы әңгімелеңіз.
5. Аталым теориясын есіңізге түсіріңіз.
6. Семиотиканың негізгі бағыттары мен ұғымдарын атаңыз.
7. Лингвистика және тіл философиясын түсіндіріңіз.
8. Тіл антиномиялары және тіл білімі антиномияларын есіңізге түсіріңіз.
9. Тіл білімінің философиялық-әдістемелік негіздері туралы түсіндіңіз.
10. Компьютерлік лингвистиканың маңызды мәселелері туралы әңгімелеңіз.
11. Психолингвистиканың қолданбалы аспектілерін анықтаңыз.
12. Нейролингвистиканың негізгі ұғымдарын есіңізге түсіріңіз.
13. Этнолингвистика, халықтық таксономия, әлемнің тілдік бейнесі ұғымын түсіндіріңіз.
14. XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр басындағы лингвистикадағы басым бағыттарды атаңыз.
15. XX ғасырдың екінші жартысы мен қазіргі кездегі тілдегі мәдени-тарихи жаңа тенденциялар туралы әңгімелеңіз.
16. Тіл біліміндегі термин қабылдау үдерісі және варианттылық, оның тілдік нормаға әсері туралы әңгімелеңіз.
17. Лексикалық семантика және үйлесімділік трансформациясының сипаттамасын анықтаңыз.
18. Тіл білімі іліміндегі парадигма ұғымы туралы не білесіз.
19. Тіл мен мәдениеттің зерттелуіндегі алғышарттарды атаңыз.
20. Дискурс және дискурстық тұжырымдар туралы мәліметтерді есіңізге түсіріңіз.
21. Тіл және қоғам мәселесінің әлеуметтік лингвистика үшін қажеттілігін әңгімелеңіз.
22. Аталымның лингвистикалық табиғаты туралы әңгімелеңіз.
23. Тіл және таным мәселесінің когнитивтік лингвистикадағы көрінісін талқылаңыз.
24. Тіл білімінің философиялық-әдістемелік негіздерін есіңізге түсіріңіз.
25. Психолингвистика, ерекшеліктерін атаңыз.
26. Этнолингвистика, ерекшеліктерін атаңыз.
27. Биографизм әдісінің негізгі ұстанымдарын түсіндіріңіз.

28. Лексикалық семантика және үйлесімділік трансформациясы сипаттамасын анықтаңыз.
29. Қолданбалы тіл біліміндегі басты ерекшеліктерді анықтаңыз.
30. Лингвистикалық білімнің жалпы ғылыми және философиялық аспектілері туралы әңгімелеңіз.
31. Тарихи-салыстырмалы әдіс ұстанымдарын анықтаңыз.
32. Цифрлық лингвистика бағыты туралы әңгімелеңіз.
33. Функционалды лингвистиканың негізгі ғылыми мектептерін атаңыз.
34. Мәтіннің ақпараттық, коммуникативтік, эстетикалық, кумулятивтік қызметін атаңыз.
35. Моноцентрлі (бір орталықты), полицентрлі (көп орталықты) функционалды-семантикалық өрістер туралы әңгімелеңіз.
36. Табиғат пен қоғамдағы қарым-қатынастың коммуникативті мүмкіндіктерінің (ақпараттық-семиотикалық) дамуын анықтаңыз.
37. Әлемдік тарихтың лингвокоммуникативтік өлшемі туралы әңгімелеңіз.
38. Мәдениетаралық коммуникация теориясының пайда болуын есіңізге түсіріңіз.
39. Коммуникацияның түрлері: этникааралық, іскерлік, әлеуметтік, халықаралық, тұлғааралық, бұқаралық, мәдениетаралық және басқа да ұғымдарды атаңыз.
40. Мәдениетаралық қарым-қатынастағы тіл мен мәдениет ұғымын анықтаңыз.
41. Мәдениетаралық қарым-қатынастағы прагматикалық факторларын ұсыныңыз.
42. Коммуникация тәсілдері мен құралдарының қарым-қатынас мазмұны мен этникалық тілдерге ықпалын табыңыз.
43. Лингвомәдениеттану – тіл мен мәдениет сабақтастығын анықтаңыз.
44. Сөйлеу актілерінің теориясы – лингвистикалық прагматиканың бағытын әңгімелеңіз.
45. Социолингвистиканың метатілі. Түсінік аппараты ұғымдарын атаңыз.
46. Е.Д.Поливановтың тіл білімі теориясы туралы еңбектерін есіңізге түсіріңіз.
47. Л.В.Щербаның жалпы лингвистикалық және фонологиялық еңбектері туралы әңгімелеңіз.
48. И.И.Мещаниновтың типологиялық концепциясын атаңыз.
49. Лингвистикалық мектептердің қалыптасуы, зерттеу бағыттарын есіңізге түсіріңіз.
50. Лингвистикадағы жаңа бағыттардың қалыптасуы, түрлерін атаңыз.
51. Глоссематикалық бағыт, өкілдері мен еңбектерін анықтаңыз.
52. Тіл білімінде жаңа бағыттардың қалыптасуы мен кезеңдері туралы әңгімелеңіз.
53. Лингвистикалық мектептер түрлері, зерттеу проблемаларын табыңыз.

54. Прага лингвистикалық мектебі, зерттеу бағытын есіңізге түсіріңіз.
55. Қазан лингвистикалық мектебі, зерттеу бағыттарын атаңыз.
56. Әдебиеттанудағы мектептер туралы айтыңыз.
57. Әдебиеттің теориялық мәселелері туралы ой тарқатыңыз.
58. Әдебиет тарихының мәселелеріне тоқталыңыз.
59. Фольклор және фольклористика туралы айтыңыз.
60. Әдебиеттанудың философиялық-әдістемелік негіздері туралы ой қорытыңыз.
61. Когнитивті әдебиеттану генезисі жайында айтыңыз.
62. Когнитивтік әдебиеттанудың базалық ұғымдарына тоқталыңыз.
63. Салыстырмалы-салғастырмалы әдістің әдебиеттануға енгізілуі туралы сөйлеңіз.
64. Көркем әдебиеттегі нарратор (баяншы, әңгімеші) туралы айтыңыз.
65. Қазақ өлеңінің құрылысы туралы ой қорытыңыз.
66. XX ғасыр басындағы тұрпайы социологиялық принциптердің әдебиетке ықпалына тоқталыңыз.
67. Салыстырмалы әдебиеттану теориясы туралы сөйлеңіз.
68. Әдеби зерттеу әдістері жайында ой қорытыңыз.
69. Әдеби зерттеудегі психологиялық және психоаналитикалық әдістерге тоқталыңыз.
70. Әдеби көркем әдістер (романтизм, реализм) туралы айтыңыз.
71. Түркологияда, қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлем түрлерін ажырату принциптерін баяндаңыз.
72. Әлем тілдері және олардың топтастырылуын есіңізге түсіріңіз.
73. Мәтін және дискурс арақатынасы туралы баяндаңыз.
74. Қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік бағыт туралы әңгімелеңіз.
75. Морфема туралы баяндаңыз.
76. Қ. Жұбановтың қазақ тілі фонетикасына қосқан үлесі туралы айтыңыз.
77. Қазақ тіл біліміндегі компьютерлік лингвистиканың мәселелері туралы әңгімелеңіз.
78. Тіл біліміндегі антропоэзектік бағыттың қалыптасуына ықпал еткен ғалымдарды есіңізге түсіріңіз.
79. Жазу теориясы және тарихы туралы баяндаңыз.
80. Қ. Жұбановтың буын түрлерін жіктеуін есіңізге түсіріңіз.
81. Көп компонентті аралас сөйлем туралы айтыңыз.
82. Қазіргі қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлемнің зерттелуі туралы баяндаңыз.
83. Қазақ тіл білімінде дискурсологияның зерттелуі туралы айтып беріңіз.
84. Саяси дискурстың зерттелуі туралы баяндаңыз.
85. Институционалды дискурс түрлерін атаңыз.
86. Уақыт пен дискурстың арақатынасына талдау жасаңыз.
87. Концепттің қазақ тіл білімінде зерттелуіне шолу жасаңыз.
88. Дискурстың тіл біліміндегі анықтамаларына талдау жасаңыз.

89. Аралас құрмалас сөйлемнің грамматикалық сипатын айтыңыз.
90. Фонеманың анықтамасын есіңізге түсіріңіз.
91. Жазушы және тақырып мәселесін талқылап, ғылыми қорытынды жобасын жасаңыз.
92. Көмекші етістік пен аналитикалық форманттар.
93. Аналитикалық форманттар және олардың мағыналары.
94. Гендерлік лингвистика туралы түсінік.
95. Қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік бағытты зерттеуші ғалымдар.
96. Тіл біліміндегі жаңа парадигмалар мен тенденциялар.
97. Қ.Жұбановтың қазақ тіл біліміне үлесі туралы айтыңыз.
98. Қазақ тіл біліміндегі компьютерлік лингвистиканың зерттелуі.
99. Тіл біліміндегі антропоэзектік бағыттың қалыптасуы.
100. Қазақ жазу ілімінің тарихы.
101. Қ.Жұбановтың буын түрлеріне қатысты айтқан пікірлері мен буын жіктеуін есіңізге түсіріңіз.
102. Ашық рай және шақ категориясы, етістік шақтарының түрлері.
103. Сөзжасамның негізгі теориялық ұғымдары.
104. Модаль сөздер, семантикалық сипаты, қолданылу ерекшеліктері.
105. ХХІ ғасырда әдебиеттану ғылымының зерттелуі туралы айтыңыз.
106. Әдебиеттің теориялық мәселелері жайында айтылған пікірлерге тоқталыңыз.
107. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері туралы ой қорытыңыз.
108. Фольклор және фольклористика ғылымының зерттелуі туралы ой қорытыңыз.
109. Әдебиеттанудың философиялық-әдістемелік негіздері туралы ой айтқан ғалымдар пікіріне тоқталыңыз.
110. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдеби сыны мәселелері туралы ой қорытыңыз.
111. Әдеби зерттеу әдістері жайында пікір айтқан ғалымдар тұжырымына тоқталыңыз.
112. Әдеби зерттеудегі психологиялық және психоаналитикалық әдістер туралы ой қорытыңыз.
113. Психолингвистиканың қолданбалы аспектілерін анықтаңыз.
114. Нейролингвистиканың негізгі ұғымдарын есіңізге түсіріңіз.
115. Дискурс және дискурстық зерттеулер туралы мәліметтерді есіңізге түсіріңіз.
116. Семиотиканың негізгі бағыттары мен ұғымдарын анықтаңыз.
117. Компьютерлік лингвистиканың маңызды мәселелерін ұсыныңыз.
118. Лингвистика және тіл философиясы туралы мәліметтерді есіңізге түсіріңіз.
119. Сөйлеу актілерінің теориясы – лингвистикалық прагматиканың бағытын әңгімелеңіз.
120. Әдебиеттану ғылымының мақсаты, міндеті, салалары туралы айтыңыз.

121. Қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттар мен ағымдар туралы ой тарқатыңыз.
122. Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу және Б.Кенжебаев ұстанымдарына тоқталыңыз.
123. Фольклордың табиғаты мен қызметін түсіндіріп, фольклористика ғылымының қалыптасуы мен даму кезеңдерін ғылыми тұрғыдан бағалаңыз.
124. Қазақ әдебиетіндегі эпикалық шығармалардың жанрлық түрлері туралы ой қорытыңыз.
125. Көркем шығарма талдаудың психологиялық әдіс-тәсілдері жайында әңгімелеңіз.
126. Нарратор ұғымының нарратологиядағы орнын анықтап, автор, баяндаушы және кейіпкер арасындағы қатынасты ғылыми тұрғыдан анықтаңыз.
127. Қазақ әдебиетіндегі эстетикалық ойдың қалыптасуы мен дамуындағы Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы көзқарастарының маңызын айтыңыз.
128. Психологизмнің көркем шығармадағы қызметі мен бейнелену тәсілдері туралы айтыңыз.
129. Әдебиеттанудағы психологиялық және психоаналитикалық зерттеу әдістерінің теориялық негіздері мен қолданылу ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
130. Көркемдік әдіс туралы түсінік беріп, романтизм мен реализмнің ерекшеліктерін атаңыз.

## 2-ші деңгей

1. Әдеби шығармадағы автор мен нарратор туралы зерделеңіз.
2. Әдеби ықпалдастық және қазақ әдебиетінің әдеби байланыстары төңірегінде саралаңыз.
3. Әдебиеттанудағы ғылыми мектептерді көрсетіңіз.
4. Әдебиеттегі баяндау тәсілдерін зерделеңіз.
5. Әдебиеттегі гуманистік идея және эстетикалық мұрат туралы салыстырыңыз.
6. Әдебиеттегі кеңестік идеология «салқыны» туралы суреттеңіз.
7. Көркем мәтіндегі уақыт пен кеңістік ұғымдары (хронотоп – мекеншақ) туралы саралаңыз.
8. Көркем туындыдағы автор және кейіпкер туралы талдаңыз.
9. Әдеби герменевтика, герменевтикалық бағыттың бастауы туралы пікірлерді салыстырыңыз.
10. Әдеби структурализмнің алғашқы ғылыми идеялары туралы пікірлерді қолданыңыз.
11. Структурализм және постструктурализм мәселелерін ажыратыңыз.
12. Көркем мәтінді зерттеудің жалпы филологиялық бағыттары туралы айтыңыз.

13. Авторлық баян және көркем әлем ұғымдарын саралаңыз.
14. Көркем шығармаларды зерттеудің әдіснамасы мен теориясын зерделеңіз.
15. Көркем мәтінді психологизм тұрғысынан қарастыру мәселесін қолданыңыз.
16. Модернистік және постмодернистік әдеби мәтіндердің эстетикалық табиғатын ажыратыңыз.
17. Модернизм және постмодернизм әдебиеті туралы саралаңыз.
18. Романтизм әдебиетінің негізгі ерекшеліктерін зерделеңіз.
19. Салыстырмалы әдебиеттану принциптері мәселесін саралаңыз.
20. Әдебиеттің жаңа бағыттарын ажыратыңыз.
21. Образ және образдылық, көркем образды жасау тәсілдері мен түрлерін тәжірибеден өткізіңіз.
22. Әдебиетті дәуірлеу жолдары, әдебиеттің өзіндік көркемдік даму ерекшеліктерін зерделеңіз.
23. Әдебиет тарихын зерттеудің салыстырмалы әдісі, соның ішінде әдеби компаративистика саласын пайдаланыңыз.
24. Әдебиетті зерттеудің тарих ғылымымен байланысын ажыратыңыз.
25. XIX ғ. Еуропадағы және орыс академиялық әдебиеттану арасындағы мектептер туралы зерделеңіз.
26. Алғашқы баспасөздегі тарихи дәуірлеуге қатысты кейбір пайымдауларды ажыратыңыз.
27. Психопоэтика, психопоэтиканың пәнаралық сипатын саралаңыз.
28. Философиялық-эстетикалық әдебиеттану мәселесін сипаттаңыз.
29. Көркем мәтінді авторлық ракурс тұрғысынан қарастырыңыз.
30. Фольклор поэтикасы және әдеби үрдіс туралы зерделеңіз.
31. Лирикадағы ұлттық мінез бен көркемдік мәселе төңірегінде саралаңыз.
32. Батыс және Шығыс романтизмінің типологиялық ерекшеліктері туралы тапсырманы орындаңыз.
33. Классика, беллетристика және көпшілік әдебиет туралы зерделеңіз.
34. XX ғасыр әлем әдебиетіндегі неоромантизм мәселесін саралаңыз.
35. Жаңаша ойлау және жаңа образ сомдау жолындағы көркемдік ізденістерді суреттеңіз.
36. Қазіргі тіл білімінің негізгі бағыттары туралы әңгімелеңіз.
37. Тіл білімі объектісінің мәселесін түсіндіріңіз.
38. Қазіргі тіл біліміндегі жүйе мен құрылымдылық түсініктерін айқындаңыз.
39. Құрылымдылықты тілдік байланыс ретінде талқылаңыз.
40. Тілдік статика мен динамика арақатынасын түсіндіріңіз.
41. Қазіргі тіл білімінің негізгі ғылыми қағидаларын әңгімелеңіз.
42. Б. Уорф және Э. Сепир гипотезасын түсіндіріңіз.

43. Мәскеу формалды лингвистикалық мектебі: негізі, бірліктері, категорияларын талқылаңыз.
44. Құрылымдық лингвистиканың бағыттарын әңгімелеңіз.
45. Компьютерлік лингвистика қолданбалы тіл білімінің пәні ретінде айқындаңыз.
46. Компьютерлік лингвистиканың когнитивті құралдары туралы талқылаңыз.
47. Орыс тіл біліміндегі номинативтік теориялар және оның қазіргі тіл білімі парадигмасындағы орнын сәйкестендіріңіз.
48. Қазіргі американдық лингвистика. Туындатушы (генеративтік) грамматика мәселесін талқылаңыз.
49. Сөйлесім әрекетінің теориясын түсіндіріңіз.
50. Тіл біліміндегі «тіл–сөйлесім» мәселесі. Тіл мен сөйлесім қызметін сәйкестендіріңіз.
51. Когнитивті лингвистика ұғымын түсіндіріңіз.
52. Функционалды лингвистика: пәні, тәсілдері, бағыттары туралы талқылаңыз.
53. Коммуникативтік грамматика: тілге коммуникативтік көзқарас, коммуникативтік грамматика бірліктері: коммуникативтілікке дейінгі және коммуникативтілік ұғымдарын қайта қарастырыңыз.
54. Мәтін коммуникативтік грамматика бірлігі ретінде, оның категориялары мен көрсеткіштері туралы түсіндіріңіз.
55. Америка құрылымдық лингвистика мектебі туралы әңгімелеңіз.
56. Даттық құрылымдық лингвистика мектебінің негізгі бағыттарын түсіндіріңіз.
57. Тілдің когнитивті қызметін оңтайландыру мәселесін қайта қарастырыңыз.
58. Әлемнің тілдік бейнесі. Концептуалдық және әлемнің тілдік бейнесін түсіндіріңіз.
59. Тіл білімінің дәстүрлі және қазіргі методологиясын талқылаңыз.
60. Сөз әлемді танудың негізі ретіндегі мәселесін қарастырыңыз.
61. Тіл және социум. Тілдік жағдаят. Тіл саясаты ұғымдары туралы әңгімелеңіз.
62. Тілдік тұлға моделдерін түсіндіріңіз.
63. Тіл және менталдылық ұғымын сәйкестендіріңіз.
64. Мәдениетаралық және этникааралық коммуникация лингводидактикалық мәселе ретінде қалай қарастырылады.
65. Русистиканың Қазақстандағы дамуын талқылаңыз.
66. Қазақстандағы әлеуметтік лингвистика мәселелерін әңгімелеңіз.
67. Қазіргі тіл біліміндегі антропоцентризм принципін түсіндіріңіз.
68. Неофункционализм принциптері және оның мәтінді функционалды талдаудағы көрінісін айқындаңыз.
69. Тілдік семантика мәселелерін түсіндіріңіз.
70. Этнолингвистика және лингвокультурология ұғымдарын айқындаңыз.

71. Антропоэектілік ерекше зерттеу принципіне негізделген жаңа бағыттардың бірі екенін көрсетіңіз.
72. Алаш идеясын зерттеудегі әдебиеттанушы ғалымдар академик Р.Нұрғали, Т.Кәкішұлы еңбектеріне деген ғылыми талдауыңыздың жобасын жасаңыз.
73. Тақырыптың талданылу принциптерін құрыңыз.
74. Қазақ әдебиетіндегі Алаш идеясының туып қалыптасуы, өкілдері, бұл бағытта М.Жұмабаев шығармаларының маңызы жайындағы пікіріңізді дамытыңыз.
75. Модернистік бағыттағы туындылар үлгілеріндегі пішін тұрғысындағы, адамның ішкі әлемін танытудағы кейбір көркемдік жетістіктерді болжаңыз.
76. Жоспар және эстетикалық мұрат мәселелерін түрлендіріңіз.
77. Шығарма жоспарын әзірлеңіз, құрылымдаңыз.
78. Жазушының материал жинау ерекшеліктерін дамытыңыз.
79. Тақырып және материалдық база мәселесін жетілдіріңіз.
80. Тақырып және мазмұн, тақырып және пішін мәселесін жетілдіріп, талқылаңыз.
81. Қазақ фонемаларының саны мен топтастыру принциптерін зерделеңіз.
82. Кірме әріптер мен кірме дыбыстарды саралаңыз.
83. Қазақ тілінің фонетикасын зерттеуші ғалымдардың пікірлерін салыстырыңыз.
84. Екпіннің сөз ішінде тұрақты, тұрақсыз қолданылатын түрлерін саралаңыз.
85. Коммуникативтік талаптардың сипаты және оның тіл жүйесіне әсерін саралаңыз.
86. Фонетиканың ғылыми салаларын (жалпы фонетика, жеке фонетика, сипаттамалы фонетика, салыстырмалы, тарихи т.б.) зерделеңіз.
87. Психолінгвистикадағы тіл мен танымдық үдерістердің арақатынасын ажыратыңыз.
88. Түркі тілдеріндегі екпін, оның орны мен табиғаты туралы пікірлерді салыстырыңыз.
89. Тілдің социологиялық аспектерін зерттеудің маңызын зерделеңіз.
90. Лингвокультура мен концептінің арақатынасын саралаңыз.
91. Қазақстандағы қазақ, орыс тілдері: өмір сүру және даму жолдарын саралаңыз.
92. Түркологияда, қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлем түрлерін ажырату принциптері туралы ой қорытыңыз.
93. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттар туралы ой қорытыңыз.
94. Алаш ұранды әдебиет, өкілдері туралы зерттеулерге тоқталыңыз.
95. Эссе жоспарын әзірлеңіз, құрылымдаңыз.
96. Көркем шығармадағы автор мен кейіпкер байланысы туралы айтыңыз, талдаңыз.

97. Жазушының шығармашылық лабораториясына тоқталыңыз, материал жинау ерекшеліктерін дамытыңыз.
98. Автордың тақырып пен материалдық базасы мәселелері туралы ой қорытыңыз.
99. Автор мен кейіпкер байланысына тоқталыңыз, кейіпкер жасау туралы ой тарқатыңыз.
100. Қазақ өлең құрылысы туралы ой айтқан, зерттеу жасаған ғалымдар еңбектеріне тоқталыңыз.
101. Модернизм және постмодернизм әдебиеті туралы пікірлерге тоқталыңыз.
102. Б.Кенжебаев және әдебиетті дәуірлеу мәселелері туралы ой қорытыңыз.
103. Салыстырмалы әдебиеттану теориясы туралы ой айтқан, зерттеу жасаған ғалымдар еңбектеріне тоқталыңыз.
104. Етіс категориясы, оның мағыналық түрлері, жасалу жолдары.
105. Мәтін және дискурс арақатынасы туралы пікір айтқан ғалымдар еңбектеріне тоқталыңыз.
106. Сөзжасам және уәждеме.
107. Одағай, олардың грамматикалық және интонациялық ерекшелігі, түрлері.
108. Кірме сөздер мен шетелдік сөздердің ерекше белгілері.
109. Когнитивті лингвистиканың негізін салушы ғалымдар.
110. Концеп туралы ғалымдардың пікірлеріне салыстыра талдау жасаңыз.
111. Қазақ тіліндегі нөлдік категория.
112. Рай категориясының қазақ тіл білімінде топтастырылуы.
113. Ұлттық сөз өнеріндегі психологиялық талдаудың қалыптасуы мен даму тарихын және психологиялық прозаның зерттелу деңгейін талдаңыз.
114. Беллетристика туралы түсінік, оның даму сатылары, әдеби дамуға ықпалын зерделеніз.
115. Көркем мәтінді кешенді талдаудың құрылымдық компоненттерін сипаттап, олардың өзара байланысын көрсетіңіз.
116. Персоносфера немесе кейіпкерлік өріс туралы түсіндіріңіз.
117. Интермәтіндік талдау ұғымын сипаттап, оның көркем шығарманы зерттеудегі мүмкіндіктерін көрсетіңіз.
118. Лирика жанрының ерекшеліктерін, арнау мен толғаудың идеялық-көркемдік қызметін сипаттаңыз.
119. Әдеби шығармадағы мотив, лейтмотив ұғымдарының қызметі мен көркемдік ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
120. Әдебиет тарихын зерттеудегі салыстырмалы әдістің мәнін түсіндіріп, әдеби компаративистиканың негізгі бағыттарын сипаттаңыз.

121. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінің қазақ әдебиеттану ғылымындағы орны мен теориялық маңызын сипаттаңыз.
122. ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөзінің пайда болу алғышарттары мен ұлттық әдебиетті дамытудағы қызметін сипаттаңыз.
123. Абайдың қазақ өлеңіне әкелген жаңалықтары. Абай лирикасының тақырыптық ерекшелігі және поэмаларының тақырыптық-идеялық негізі жөнінде талқылаңыз.
124. Эпикалық тек ұғымын, оның жанрлық жүйесін және эпос теориясының зерттелу ерекшеліктерін сипаттаңыз.
125. Шәкәрім Құдайбердіұлының поэма жанрындағы Абай дәстүрін жалғастыруын сипаттаңыз.
126. Психологиялық романның мазмұны мен құрылымындағы психологизм табиғаты туралы зерделеніз.
127. Әл-Фарабидің әдебиет пен өнер туралы көзқарастары баяндалған еңбектерінің мазмұнын түсіндіріп, олардың эстетикалық ойдың қалыптасуындағы маңызын сипаттаңыз.
128. Корпустық лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы қағидаларын әңгімелеңіз.
129. Қазіргі поэзиядағы отаншылдық рух мәселесін түсіндіріңіз.
130. Лирика мен поэманың арақатынасын түсіндіріңіз.
131. Қазіргі әдеби сындағы әр түрлі ұстанымдарды қарастырыңыз.
132. Қазіргі қазақ ономастикасы туралы әңгімелеңіз.
133. Дискурстық тәсілдердің қолданыстық сипатын түсіндіріңіз.
134. Қазіргі қазақ тіліндегі терминжасам үдерісін қарастырыңыз.
135. А. Байтұрсынұлының реформаторлығы туралы түсіндіріңіз.
136. Сөздің макро және микро мағыналарын түсіндіріңіз.
137. Синтагматикалық және парадигматикалық қатынас туралы әңгімелеңіз.
138. Грамматика және грамматикалық ұғымдарды талқылаңыз.
139. Концепт – когнитивтік лингвистика ғылымының басты категориясы екендігін түсіндіріңіз.

### 3-ші деңгей

1. Психоллингвистика саласын ғылыми тұрғыда талдаңыз
2. Аударма - қолданбалы лингвистиканың пәні екенін дәлелдеңіз
3. Көркем коммуникация теориясына талдау жасаңыз
4. Тіл туралы қазіргі ғылым парадигмаларын талдаңыз
5. Тілдің жүйесі мен құрылымына талдау жасаңыз
6. Тілдің әрекетін моделдеу мәселесіне сараптама жасаңыз
7. Лингвосемиотика: мазмұны мен маңызын жіктеңіз
8. Сөйлеу әрекетінің негізгі туындау жолдарын әрі қарай дамытыңыз
9. Тілдік таңбаның табиғаты мен мәніне жіктеу жасаңыз

10. Тілдің таңбалық теорияларына талдау жасаңыз
11. Тілдік таңбаның типологиясын жіктеңіз
12. Психолингвистикалық ойлардың орнығуы мен дамуын мысалмен дәлелдеңіз
13. Тілдің санамен, ойлаумен байланысының лингвофилософиялық аспектілеріне талдау жасаңыз
14. Мәтін ойлау моделінің вербализациясына тоқталып, мәтіннің процесс ретінде туындауына дәлел келтіріңіз
15. Білімнің лингвистикалық концептуализациялануы мен категориялану мәселелерін талдаңыз
16. Қолданбалы лингвистиканың ақпараттық-іздеуіш аспектілерін жіктеңіз
17. Компьютерлік лингвистиканың зерттелуіне талдау жасаңыз
18. Тіл мен коммуникацияның байланысына салыстырмалы талдау жасаңыз
19. Тілді коммуникацияда зерттейтін лингвистиканың пәндерін жіктеп көрсетіңіз
20. Текстология мен мәтінтану салаларын ғылыми тұрғыда салыстырыңыз
21. Мәтін филологиялық зерттеудің басты объектісі, коммуникацияның негізгі формасы екендігін нақты фактпен дәлелдеңіз
22. Мәтіндерге лингвистикалық, стилистикалық тұрғыдан талдау жасаңыз
23. Қазіргі әдебиеттанудағы ғылыми парадигмалардың өзгерісі. Қазіргі әдебиеттану дамуындағы негізгі тенденциялары мен болашағы туралы тұжырымдаңыз
24. М.Бахтиннің көркем мәтіннің диалогтылығы мен полифониялылығы, күлдіргі мәдениет туралы түсінігін дамытыңыз
25. «Көркем әдебиет» түсінігінің анықтамасын жорамалдаңыз
26. Семиотика және оның негізгі, А.-Ж. Греймас, Ж. Курте, Ю.Лотман еңбектерін жинақтаңыз
27. Интертекстуалдылық: ұғымның теориялық интерпретациясы, қазіргі ғылымдағы интертекст категорияларының қалыптасу тарихы, негізгі концепциялары тұжырымдарын әзірлеңіз
28. Реминисценция мен аллюзияны талдау және интертекстуалды парадигматуралы талдаңыз
29. Гендерлік әдебиеттану ұғымына түсінік беріңіз
30. Герменевтика және оның негізгі түсініктеріне талдама жасаңыз
31. Нарратология ғылыми бағыт ретінде қалыптасу жолындағы прозаның нарративтік үлгілерін қайта анықтаңыз
32. Өлеңтану, қазіргі өлеңтанудағы соңғы нәтижелерді әдебиет тарихының жаңа көзі ретінде қарап, ұсыныс тастаңыз
33. Рецептивті эстетика, көркем шығарманың оқырманға бағытталуы туралы тұжырымдаңыз
34. Әдеби эволюция оқырманның үміт көкжиегін кеңейту ретінде және Х.-Р. Яусс, В. Изер түсініктерін әзірлеңіз
35. У.Эко және постмодернистік коммуникативтік тәжірибелерді пікірлер тұрғысынан дамытыңыз

36. Постмодернистік және постқұрылымдық коммуникативтік стратегиялар ұсыныңыз
37. Әдебиеттанудағы классикалық психоанализ туралы тұжырымдаңыз
38. Мәтінді интерпретациялау мен деконструкциялау: постқұрылымдық парадигма төңірегінде бағалаңыз
39. Әдебиеттің медиатәуелділік концепцияларын талдаңыз
40. Көркем антропология мәселесін тұжырымдаңыз
41. Мәтін және көркемдік әлем идеясын талқылаңыз
42. Әдебиеттанудағы әлеуметтік-эстетикалық тәсілдің ғылыми түсінігін жасаңыз
43. Когнитивті әдебиеттану турасында тұжырымдаңыз
44. Әдебиеттану және оның әлеуметтанумен, мәдениеттанумен, психологиямен т.б. байланысын анықтаңыз
45. Қазіргі әдебиеттанудағы жаңа бағыттарды анықтаңыз
46. Әлеуметтік бағыттағы әдебиеттану, әлеуметтік-тарихи және салыстырмалы әдебиеттанудың байланысы туралы тұжырымдаңыз
47. Қазіргі салыстырмалы әдебиеттану теориясы, Қазақстандағы салыстырмалы әдебиеттану мәселелерін қарастырыңыз
48. Философиялық-эстетикалық әдебиеттану туралы пікірлер әзірлеңіз
49. Қазіргі әдебиеттанудың әлеуметтік-мәдени концепциялары турасында талдаңыз
50. Әдебиеттанудағы формалды әдіс төңірегінде талқылаңыз
51. Көркем антропология мен ималогия бағытын анықтаңыз
52. Әдеби бағыттар және олардың жетілуі, көркемдік жүйенің динамикасы мәселесін талқылаңыз
53. Көркемдік әдіс және жазушы шығармашылығы мәселесін талдаңыз
54. Жазушы шығармашылығындағы «макро және микропоэтика» ұғымдарын дамытыңыз
55. Көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік мәселесіне баға беріңіз
56. Мифопоэтика поэтика мен әдебиет теориясының бөлігі ретінде көркем шығармадағы мифтің көріну формаларын, мифопоэтикадағы терминдер мен ұғымдар жүйесін дамытыңыз
57. Миф ауыз әдебиетінің көрінісі, мифтің анықтамасын сипаттаңыз
58. Мифтердің классификациясы, миф және архетип ұғымын дамытыңыз
59. Е.М. Мелетинский, М. Элиаде, Р. Барт еңбектеріндегі мифпоэтиканы зерттеу мәселелерін талдаңыз
60. Заманауи филология және академиялық әдебиеттанудың дәстүрлерін талдаңыз
61. Әдеби шығарманың психоанализдік әдістегі интерпретациясы, З. Фрейд ашылуларының XX ғасырдағы гуманитарлық ғылымдарға әсерін бағалаңыз
62. Әдебиеттегі феноменологиялық теориясын талдаңыз
63. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы және оның «посткеңестік» әдебиеттану бағыттарының дамуына қосқан үлесінің моделін жасаңыз
64. Мәтінді әдеби тұрғыда талдау, оның алуантүрлілігі туралы сөз қозғаңыз

65. Әдебиеттанудағы «мәтін» терминінің қолданылуы, мәтін көркем шығарманың бір компоненті ретінде дамуына баға беріңіз
66. Мәтінді әдеби талдау ерекшеліктерін талдаңыз
67. Әдеби шығарманың ерекшелігіне және зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты әдеби талдаудың көп өлшемділігін жорамалдаңыз
68. «Архетип» зерттеудің құралы ретінде өлшеміне баға беріңіз
69. Қазіргі филологиялық ғылымда интермәтінділік анализдің қолданылуын анықтаңыз
70. Әлем әдебиетіндегі типологиялық байланыс мәселелерін талдаңыз
71. Егемендік алғаннан кейін туған романдардың көркемдігі, зерттеген ғалымдар, ғылыми пайымдауларды жетілдіріңіз.
72. Әдеби процесс – көркемдік дүниенің қозғалысы мен дамуын зерттейтін методологиялық әдіс саналатынын тұжырымдаңыз.
73. Постмодернизм қай кезде пайда болғанын, мақсатын, анықтамасын жеке-жеке талқылап, М.Эпштейн тұжырымының шешімін табыңыз.
74. Ж.Жарылғаповтың «Постмодернизм қандай құбылыс?», «Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер» деп аталатын мақалаларын талқылап, маңыздылығын түрлендіріңіз.
75. Лингвистикалық прагматика және сөйлеу актілерінің теориясын талдаңыз.
76. Лингвистикалық ғылыми парадигманың негізгі принциптері: функционализм, антропоцентризм, когнитивизмге жіктеу жасаңыз.
77. Қазақ тілі фонологиясын сингормонизм заңдылықтары тұрғысынан қарастырған зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне талдау жасаңыз.
78. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі тілдің дыбыстау мүшелерінің қызметі туралы айтқан сөздеріне назар аударып, талдау жасаңыз.
79. ХІХ ғасырдың екінші жартысында пайда болған лингвистикалық мектептердің лингвистикалық концептеріне талдау жасаңыз.
80. Тіл білімі мен философия ғылымының зерттеу нысандарындағы сабақтастықты талдаңыз.
81. Тіл білімінің философиялық мәселелерінің гносеологиялық аспектілерін сараптаңыз.
82. Қ.Жұбанов зерттеулеріндегі тілдің дыбыстау мүшелерінің қызметі туралы айтылған пікірлерге назар аударып, талдау жасаңыз.
83. Жас грамматистердің тілдің табиғаты жөніндегі философиялық концепцияларына талдау жасаңыз.
84. Модернизм қай кезде пайда болғанын, оның бастауында тұрған ғалымдарды атап, ұстанған бағыттарының шешімін табыңыз.
85. Ағартушы-демократтық бағыттағы ақын-жазушылардың шығармаларын зерттеуде Б.Кенжебаев еңбегін тұжырымдап, шешімін табыңыз.
86. Жазушылық мұрат және жиналған материалды іріктеу-сұрыптау принциптерін дамытыңыз.
87. Тұлға және түптұлға мәселесін талқылап, түрлендіріңіз.

88. Өмірлік оқиға және фабуланың шығармашылық шеберханадағы ролін болжаңыз.
89. Өмірлік оқиға және сюжеттің ролін біріктіріп, шешімін табыңыз.
90. Өмірлік шындық және оның көркемдік шындыққа айналу сырының жобасын жасаңыз.
91. Қолжазба – шығармашылық лабораториясының айнасы екендігін тұжырымдаңыз, қолжазба құпиясының сырын болжаңыз.
92. Қазіргі тіл біліміндегі жүйе мен құрылымдылық түсініктер туралы ой қорытыңыз.
93. Тілді функционалдық тұрғыда зерттеудің қазіргі ұстанымдары.
94. Ономазиология және сөзжасам.
95. Қ.Жұбанов зерттеулеріндегі дауысты дыбыстардың жіктелуіне қатысты айтылған пікірлеріне назар аударып, талдау жасаңыз.
96. Қазақ тілі лексикасының қолданыстық-элеуметтік сипаты.
97. Темпоралдылық категориясының бастаулары.
98. Текстология мен мәтінтану салаларын зерттеген ғалымдар пікіріне талдау жасаңыз, салыстырыңыз.
99. Модернизмнің пайда болуы, оның негізін салушы ғалымдарды атап, ұстанған бағыттарының шешімін табыңыз.
100. Алаш әдебиеті өкілдерінің шығармаларын зерттеуде Б.Кенжебаев еңбегін тұжырымдап, шешімін табыңыз.
101. Жазушы шеберханасы және материал жинау, іріктеу-сұрыптау принциптерін дамытыңыз.
102. Көркем әдебиеттегі тұлға және түптұлға мәселесіне тоқталыңыз.
103. Өлеңтану, қазіргі өлеңтанудағы соңғы нәтижелерді зерттеуші ғалымдар еңбегін атаңыз, ой қорытыңыз.
104. Көркем туындының оқырманға бағытталуы туралы ой қозғаңыз.
105. Қолжазба – жазушы шеберханасының айнасы – деген ойды тұжырымдаңыз.
106. Қазақ әдебиетінде модернистік және постмодернистік бағытта жазылған шығармаларды ұсыныңыз.
107. Әдебиеттанудағы классикалық психоанализ туралы айтқан ғалымдар пікірін ұсыныңыз.
108. Тәуелсіздік жылдары жазылған әдеби сынға ғылыми тұрғыдан баға беріңіз, ой қорытыңыз.
109. Әдебиеттанудың басқа гуманитарлық ғылымдармен байланысын анықтаңыз.
110. Қазіргі әдебиеттанудағы жаңа бағытта жазылған шығармаларды анықтаңыз.
111. Батыстық әдебиеттің қазіргі қазақ әдебиетіне әсері туралы ой қорытыңыз.
112. Сегментті және суперсегментті бірліктер.
113. Әдеби компаративистиканың пәні мен әдісін талдаңыз.
114. Қазақ әдебиетінің өзге әдебиеттермен байланысына талдау жасаңыз.

115. Тәуелсіздік кезеңдегі романдардың ерекшелігіне талдау жасаңыз.
116. 1960–1980 жылдарда қазақ әдебиетінде соғыс тақырыбының игерілуі туралы тұжырымдаңыз.
117. Қазақ әдебиетіндегі эстетика мәселесінің зерттелу деңгейін көрсетіңіз.
118. М.Жұмабаевтардың әдеби-эстетикалық көзқарастарын жіктеңіз.
119. Қ.Жұбановтың қазақ терминологиясын қалыптастырудағы еңбектері туралы саралаңыз.
120. А.Байтұрсынұлы және терминжасам мәселесі туралы талдаңыз.
121. Көркем шығармашылықтағы характер және психология туралы тұжырымдаңыз.
122. Повесть жанрының қазақ әдебиетінде қалыптасуы мен дамуы туралы талдау жасаңыз.
123. Сөз мәдениетінің лингвоэкологиялық аспектілері туралы талдаңыз.
124. Мәтіннің типтері мен түрлері туралы талқылаңыз.
125. Психолінгвистика әдістері мәселелерін қарастырыңыз.
126. Әдебиеттану және оның әлеуметтанумен, мәдениеттанумен, психологиямен т.б. байланысын анықтаңыз.
127. Әлеуметтік бағыттағы әдебиеттану, әлеуметтік-тарихи және салыстырмалы әдебиеттанудың байланысы туралы тұжырымдаңыз. Қазіргі салыстырмалы әдебиеттану теориясы, Қазақстандағы салыстырмалы әдебиеттану мәселелерін қарастырыңыз.
128. Мифопоэтика поэтика мен әдебиет теориясының бөлігі ретінде көркем шығармадағы мифтің көріну формаларын, мифопоэтикадағы терминдер мен ұғымдар жүйесін дамытыңыз.
129. Қазіргі әдеби сындағы әр түрлі ұстанымдарды талдаңыз.
130. Реалий сөздердің аударылу жолдарына баға беріңіз.
131. Аударманың зерттелу тарихын талдаңыз.
132. Тіл білімінің философиямен байланысы.